

**Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтерді және техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес оның қолданылу мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 419 қаулысы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 2-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтері және техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес оның қолданылу мерзімдері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 9

с ә у і р д е г і

№            4 1 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтері және техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес оның қолданылу мерзімдері**

**Ескерту. Мерзімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.02.2015 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Р/с №	Объектінің/ұйымның атауы	Тариф шамасы, теңге/кВт сағ. (ҚҚС-сіз)	Тарифтің әрекет ету мерзімінің аяқталуы	Тарифтің жыл сайынғы индекстелуі, %
1	Алматы облысы Сарқант өзеніндегі Мелис Разбеков атындағы Сарқант ГЭС («Фирма Тамерлан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	11,80	22.07.2021 ж.	4
2	Алматы облысы Лепсі өзеніндегі Антоновск ГЭС («Қайнар-АКБ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	15,05	01.12.2023 ж.	-
3	Алматы облысы Орта тентек өзеніндегі Успеновск ГЭС («Қайнар-АКБ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	15,11	25.11.2021 ж.	-
4	<b>Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2015 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.</b>			
5	Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Қарақыстақ өзеніндегі ГЭС («ЭнергоСтрой Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	12,5	16.06.2020 ж.	7
6	Жамбыл облысы Отар елді мекені ауданында КЭС («КазЭкоВатт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	20,89	28.12.2024 ж.	-